1923 2023
ATYRAÚ
Облыстық қоғамдық-саяси газет
№70 (20 779) 5 ҚЫРКҮЙЕК, 2023 ЖЫЛ, СЕЙСЕНБІ
www.atr.kz | Атырау газеті | atyrau_gazeti@mail.ru | @Atyrau_gazeti

**ТҮЙІНСӨЗ**

Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет.

**Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан**

*3 қыркүйек 2023 жыл*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

# «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары»

**Құрметті отандастар!**
**Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-шы бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

**Құрметті депутаттар!**

Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Жауапты қызметтеріңізге табыс тілеймін!

Көктемдегі сайлаудан кейін Парламенттегі саяси партиялардың қатары көбейді. Депутаттар құрамы айтарлықтай өзгерді. Саяси партиялардың фракциялары, бір мандатты округтан сайланған депутаттар да жұмысқа белсене кірісті. Олар көптеген заң жобасына бастамашылық етіп, өзекті мәселелерді батыл көтере бастады.

Депутаттарымыз жазда да көп жұмыс атқарды. Небәрі екі айда 1200-ден астам елді мекенді аралап, сайлаушылармен кездесті, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Мен баршаңызға табысты қызметтеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа сессияда жұмыс қарқыны бұдан да жоғары болады деп ойлаймын.

**Құрметті отандастар!**

Баршаңызға мәлім, мен жыл сайын халыққа Жолдауымды Парламент сессиясының ашылуында жариялаймын. Бүгінде бұл жақсы дәстүрге айналды. Мұның айрықша мәні бар.

Себебі дәл осы сәтте және дәл осы жерде билік тармақтарының барлық



өкілдері бас қосады. Алдағы орта мерзімдік жұмыстың бағыт-бағдары айқындалады. Нақты тапсырмалар беріледі, жаңа міндеттер жүктеледі. Парламент, Үкімет және басқа да құзырлы органдар тың қарқынмен іске кіріседі. Бір сөзбен айтсақ, мемлекеттік аппараттың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі үшін бұл іс-шара өте маңызды.

Бүгінде менің бастамаларымның басым көпшілігі жүзеге асты. Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді.

Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады.

*(Соңы 2-5-беттерде)*

// Өңірлерде

## Пәтер кімдерге тиесілі?

ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫНДА БИЫЛ 60 ПӘТЕР САТЫП АЛЫНБАҚ. ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, ҚАЗІРГІ ТАҢДА 35 ПӘТЕР САТЫП АЛЫНҒАН. БҰЛ ПӘТЕРЛЕР БЕС САНАТ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҰРҒАН ТҰРҒЫНДАРҒА БЕРІЛЕДІ. ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ЖЕТІМ, АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР, КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, ТАҒЫ БАСҚА САНАТТАҒЫ АДАМДАР БАР.



Қызылқоға аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Д.Нығметовтің айтуынша, кәсіпкерлер жеке қаражаттарына үйді салып, мемлекетке өткізеді, одан соң сатып алу үрдісі жүреді. Сондай-ақ ол дайын жалдамалы пәтерлер сатып алынса да, жалға алу ақысын субсидиялау жүйесі тоқтатылмайтынын атап өтті. Оның баяндауынша, аталған пәтерлерді сатып алуға жергілікті бюджеттен 595 млн. теңге қаржы жұмсалып отыр. Сатып алынған әр пәтер аумағы 100 шаршы метрді құрайды.

// Өзекті мәселе

## ...Сонда біз кімді алдаймыз?

РЕСМИ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА 4,7 МИЛЛИОН АВТОКӨЛІК ТІРКЕЛГЕН. ОЛАРДЫҢ САНЫ КҮН САНАП АРТЫП КЕЛЕДІ. КӨПТЕГЕН ЖАНҰЯЛАРДА БІРНЕШЕ АВТОКӨЛІКТЕН БАР. ӘРИНЕ, ОЛ ҚУАНАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ. БІРАҚ, ЖОЛДАРДАҒЫ БОЛЫП ЖАТҚАН ҚАНДЫ ЖОЛ АПАТТАРЫ БАСҚАША ӘСЕР БЕРЕДІ.

*(Толығырақ 12-бетте)*



// Инфрақұрылым

## «Резеңке етіктен құтылдық»

Махамбет ауылында ауылішілік жолдардың құрылысы жүруде. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары бөлімінің басшысы Сырымбет Кенжебаевтың айтуынша, қазіргі таңда ауылдарда инфрақұрылымды дамытуға байланысты жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатыр. Жергілікті жерде су, газ, электр желілері тартылып, тас жол төселіп, медициналық пункт, білім ошақтары ашылу үстінде.

– Махамбет ауылы бойынша ауылішілік жол құрылысы шілде айында басталған болатын. Жасалуға тиіс жолдың ұзындығы – 11,2 шақырым. Аталған құрылыс жұмыстары 19 көшені қамтиды. Осы жылға 500 млн. теңге қаржы бөлініп, «Шаттық» шағынауданындағы К.Байсейітова және Ш.Айманов көшелеріне тас жол салу жұмыстары аяқталды. Енді «Мерей» шағынауданының Әбілхайыр хан және Қ.Смағұлов көшелеріне, «Жасыл белдеу» шағынауданының М.Мөңкеұлы, А.Оңайбаев көшелеріне жол төсеу жұмыстары жүріп жатыр. Жобаның мердігері – «Толағай 20/50» ЖШС. Құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі 19 ай. Жобаның жалпы құны 2 млрд. 488 млн. теңгені құрайды,- деді ол.

Көптен күткен жолдың салынғанына тұрғындары да ерекше қуанышты.

– Осы күнге дейін жолдың жоқтығынан жұмысқа қатынау және балаларды мектепке апару қиындық туғызып келген еді. Әсіресе жаңбыр жауған кезде қатты қиналатынбыз. Жаңбырлы күндері көлігімізді басты жолдың жиегіне қойып, резеңке етікпен үйге дейін қатынап келдік. Енді міне, көшемізге жол түсіп, қуанып жатырмыз, - деді аудан тұрғыны Руслан Еменов.

**Өз тілшіміз**

// Дін

## Атыраудың өз «Азаны» бар

Кеше облыстық дін істері басқармасының мемлекеттік тапсырысы арқылы алғаш рет ақпараттық-танымдық «Азан» интернет радиосы әуе толқынына шықты. Руханияттың ұйытқысына айналған «Иманғали» мешітінің жанынан ашылған радионың алғашқы эфирінің құрметіне тілеулес азаматтардың басын қосқан салтанатты жиын ақ батаға ұласты.

Бұған дейін де діни ақпарат тарататын телеарна, сайты бар муфтияттың облыстағы өкілдігінде алға қойған жоспар көп екен. Әзірге интернет арқылы жұмыс істеп тұрған радионың жұмысын одан әрі жандандыру көзделген.

Ақжолтай жаңалықпен Атырау жұртшылығын құттықтай келген Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының наиб мүфтиі, шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай Шоқанов, Бас мүфтидің кеңесшісі Кенжетай Дүйсенбай радионың ашылу салтанатына қатысты.

– Өмірге нәресте келгенде азан айтылады. Алла Құранда: «(Мұхаммед) оларға: «Ол сондай Алла, сендер үшін есту, көру және сезуді жаратқан. Сонда да аз шүкір етесіңдер» де» деп айтады. Адам баласы дүниеге келгеннен кейін ең бірінші естиді. Ал, үш-төрт айдан кейін ғана көре алады. Пайғамбарымызға да уахи – айтылу арқылы келді. Ең алғашқы аят: «...Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы!..» деген. Сондықтан Мұхаммед пайғамбардың үмметінде қарилар көп. Тек қана көру арқылы адам баласы тілін дұрыстай алмайды. Еститін адам ғана сөйлей алады. Сіздердің радиоларыңыз елде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақ халқына пайдасы тиюін нәсіп етсін, - деді Сансызбай Құрбанұлы.

Радио тек жаңалықтармен шектелмей, ағартушылық бағытта да жұмыс істейді. Сондай-ақ бұл – дін мен дәстүр, тарих пен мәдениеттің біртұтастығы негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, радикалды діни ағымдарды алдын-алуға бағытталған заманауи ақпараттық платформа. Апта бойына үзіліссіз хабар тарататын радиостанцияда тыңдарманның сұранысын қамтамасыз етуге барлық жағдай жасалған. Интернет-радио көкейдегі сұраққа сала мамандарын шақырып, жауап беруге ынталы.

Сонымен қатар, «Азан» радиосы зерделі ақпаратты таратуға, үйретуге және жол сілтеуге бағыттайтын нұсқаушы болуды көздейді. Радиоға 25-50 жас аралығындағы жергілікті білікті журналистер тартылды.

Республика бойынша тұңғыш салалық радио – «Азанның» алғашқы қонағы наиб мүфти Сансызбай Құрбанұлы болды. Ол радионың алдағы жұмысына сәттілік тілеп, өміршең болуына тілектестігін білдірді.

**Алмас ҚАБДОЛОВ**



ATYRAÚ
газетіне
жазылыңыз!

**Жазылу бағасы:** *(теңгемен)*

| 1 АЙ | «ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ | |
|---|---|---|
| | ҚАЛА | АУДАН |
| ИНДЕКС | 66424 | 16424 |
| Жеке тұлғалар үшін | 506,20 | 543,48 |
| Заңды тұлғалар үшін | 1044,40 | 1081,68 |

Анықтама телефоны – 45-86-43

| 3 АЙ | «ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ | |
|---|---|---|
| | ҚАЛА | АУДАН |
| ИНДЕКС | 66424 | 16424 |
| Жеке тұлғалар үшін | 1518,60 | 1630,44 |
| Заңды тұлғалар үшін | 3133,20 | 3245,04 |

Газетке жазылу **«Қазпошта» АҚ-ның** барлық бөлімшелерінде жүргізіледі.

